

«Үздік әлеуметтік жобалар» республикалық интернет-байқауының қорытындысы

ҚР БЖҒМ-нің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Үздік әлеуметтік жобалар» республикалық интернет-байқауды **2017 жылғы 20 ақпаннан 30 сәуірге** дейін балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізді.

Байқаудың мақсаты: дарынды балаларды анықтау және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету.

Міндеттері:

балалар мен жастардың назарын өзекті әлеуметтік мәселелерге аудару;
балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділіктерін, өзін өзі жетілдіру және өзін өзі дамыту қажеттіліктерін дамыту;
бастамалар және инновациялық стартаптарды жүзеге асыру үшін алаң құру;

қоғамдық белсенділік және әлеуметтік жобалау дағдысын дамыту.

Байқауға барлығы 11 жұмыс келіп түсті.

Байқауға жалпы орта білім беретін мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысты.

Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

- 1. «Менің отбасым – менің тірегім»;**
- 2. «Салауатты өмір салты – біздің таңдауымыз!»;**
- 3. «Қайырымды жүрек – қайырымды іс».**

Білім алушылардың ұсынылған жұмыстары келесі өлшемдер бойынша 5 баллдық жүйемен бағаланды:

жобаның байқау шарттарына сәйкестігі;
әлеуметтік тиімділігі, шығармашылық жобаның өзектілігі шешілетін әлеуметтік мәселелері мен жобаның маңыздылығы;
жобаның міндеттері бойынша жұмыс жоспарының болуы;
жобаны іске асыруға қажетті шарттарды сипаттау (жеке, материалдық-техникалық, ақпараттық);
әлеуметтік мәселелерді шешудегі жаңашыл көзқарас;
жобалау кезінде заманауи инновациялық технологияларды, нысандарды және әдістерді қолдану;
зерттеудің ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, автордың қосқан жеке үлесі;
жұмыстың ресімделуі.

«Үздік әлеуметтік жобалар» тақырыбындағы республикалық интернет-байқаудың әділ қазыларының шешімі негізінде 6 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

«Менің отбасым – менің тірегім» номинациясы бойынша

Жас санаты 11-14 жас:

I орын: Калашников Максим (Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, М. Айтхожин атындағы №1 орта мектебі).

Жас санаты 15-17 жас:

II орын: Максимова Мадениет Серғалиқызы (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, гуманитарлық-техникалық колледж);

III орын: Жұмағұл Адильжан (Павлодар облысы, Павлодар қаласы, М. Қатаев атындағы оқушылар үйі).

**«Салауатты өмір салты – біздің таңдауымыз!»
номинациясы бойынша**

Жас санаты 11-14 жас:

I орын: Санақов Дәулетбек Халелұлы (Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы);

III орын: Бақыт Алина, Тлеужанов Алишер (Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Жұлдыз» балалар аула клубы).

Жас санаты 15-17 жас:

II орын: Альжанова Жибек (Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Люблинка ауылы, Люблинка орта мектебі).

«Қайырымды жүрек – қайырымды іс» номинациясы бойынша

Жас санаты 11-14 жас:

I орын: «Қамқорлық» тобы (Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер мектеп-гимназиясы).

Байқауға келіп түскен жұмыстар саны (өңірлер бойынша)

№	Облыстар	Жұмыстар саны	Жеңімпаздар
1	Ақмола	1	1
2	Ақтөбе	1	
3	Алматы		
4	Атырау	1	1
5	Шығыс Қазақстан		

6	Жамбыл	1	1
7	Батыс Қазақстан	1	1
8	Қарағанды	2	
9	Қостанай	1	1
10	Қызылорда		
11	Маңғыстау		
12	Павлодар	1	1
13	Солтүстік Қазақстан	1	1
14	Оңтүстік Қазақстан	1	
15	Алматы қаласы		
16	Астана қаласы		
	Барлығы	11	7

Директор

Р. Шер